



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени АЛЬ-ФАРАБИ

**«ЭКОНОМИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ
НЕГІЗДЕРІ РЕТІНДЕ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ
БИЗНЕС ИНТЕГРАЦИЯСЫ» атты
45-інші ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

1-КІТАП

**МАТЕРИАЛЫ
45-ой научно-методической конференции
«ИНТЕГРАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И
БИЗНЕСА КАК ОСНОВА ИННОВАЦИОННОГО
РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ»**

КНИГА 1

АЛМАТЫ 2015

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

СЕКЦИЯ

БІЛІМ БЕРУ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ТОҒЫСТЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЗЕТ
АСЫРУ: ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

РЕАЛИЗАЦИЯ ИНТЕГРИРОВАННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ ОБРАЗОВАНИЯ И
НАУКИ: ОПЫТ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Шаукенова З.К. Интеграция науки и образования: подготовка научных кадров научно-исследовательских институтов комитета науки МОН РК совместно с КазНУ им. аль-Фараби на базе «Ғылым Ордасы».....	3
Айдарханова К.Н. Интеграция науки и образования в вузах Казахстана: анализ опыта.....	11
Акопова Э.А. Интеграция науки и образования в университетах: отечественный и зарубежный опыт.....	14
Алпысбаева Д.И., Удуримова Ш.С. Опыт и перспективы: интегрированной образовательной программы образования и науки в профильной школе.....	17
Амантай Ж.Б., Нисимура С., Ацуши О. Жапон Васеда университетіндегі e-School білім беру бағдарламаларының тәжірибесін ҚазҰУ-да жүзеге асыру жолдары мен болашағы...	21
Баяндинова С.М., Абишева З.М., Ақтымбаева А.С., Кайрат С. Білім беру бағдарламалары: шетелдік және қазақстандық тәжірибе мен болашағы.....	25
Бекболатұлы Ж. Интеграция медийной науки и образования в Польше (на примере Познаньского университета им. А.Мицкевича).....	28
Габитов Т.Х., Аким Ж.М. Экспо-2017 – образовательные возможности для детей и молодежи Казахстана.....	30
Гончарова А.В., Карпенюк Т.А. Интеграция образования и науки в подготовке кадров, ориентированных на инновационное развитие.....	34
Жұмамбаев С.К. Қазақстан экономикасының инновациялық дамуында білім беруді ғылым және бизнеспен тоғыстырудың рөлі.....	37
Ем Н. Интегрированные международные образовательные программы: опыт участия в проекте Университета Цукуба (Япония).....	40
Жатқанбаева А.Е. Казахский национальный университет имени аль-Фараби на пути интеграции образования и науки.....	42
Юшков А.В., Дьячков В.В., Зарипова Ю. Идеальная модель реформы науки в крупных странах на современном этапе развития цивилизации.....	45
Кабатаева Р.С., Сыздыкова Л.И., Кабатаева Б.С. О путях совершенствования системы подготовки научных кадров высшей квалификации в Республике Казахстан.....	49

Калимол

Калугин
взаимоде

Қалижа
дайында

Жанабе
маңызы.

Малгаж
послеву
програм

Мансу
магистр

Масал
Айдос
студен

Панза
кадрол

Мыр
іске а

Абду
специ

Абди
Инте
высо

Айс
и к б

Бай
Жа
негі

Бер
Ғыл
ман

Гу
бер
мо

Д
м

Ж
об

К

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ МЕН БОЛАШАҒЫ

Білім – кез келген мемлекеттің ұлттық мәдениетін қалыптастырушы жүйенің негізгі құраушы бөлігі. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытты атты Қазақстан Халқына жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деген ел алдына үлкен мақсат қойды. Бұл мақсатты жүзеге асыру өз кезегінде қазақстандық білім беру бағдарламаларын жетілдіру және білім беру бағдарламаларының шетелдік тәжірибесін оңтайландыра қолдану арқылы жүзеге асатыны анық. Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігін еңсеру жолында көпдеңгейлі мамандар дайындау «бакалавриат-магистратура-докторантура» жүйесін енгізу арқылы өзінің білім беру жүйесін түбегейлі өзгеріске әкелді. Лиссабон конвенциясына қол қойып, Болондық үдерістің қатысушысына айналды. Бүгінде Қазақстанда ұлттық білім беру үлгісі қалыптасты деп нық айта аламыз. Бұл ұлттық білім беру бағдарламалары батыс еуропалық және американдық білім беру бағдарламаларымен жеткілікті дәрежеде сәйкестендірілген. Қазақстан білім беру бағдарламаларында өзінің тарихымен, ұлттық ерекшелігімен, мәдениет, салт-дәстүрлерімен ұштасатын өзіндік ерекшеліктер бар. Сондықтан Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігін жаулап алудағы қадамдарын Болон үдерісінің қағидат ерекшеліктерімен сәйкестендіруге болады. Қазақстандық білім беру бағдарламасы мен жүйесінде келесі өзгерістер орын алды:

- 12-жылдық орта білім беруге көшу;
- жоғары білім беру жүйесіндегі білімнің квалификациялық және деңгейлік салыстырымы;
- білім алушылармен игерілген кредиттер санын есептеу, әртүрлі университеттердің оқу бағдарламаларымен салыстыру;
- білім сапасының кепілдік элементі ретінде білім алушылардың меңгерген пәндерінің бағалау жүйесінің сапасын унифицирлау;
- білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы [1].

Ең негізгі және күрделі мәселелердің бірі болып, білім беру үрдісінде алынған квалификациялық және деңгейлік орнығуды бағалау болмақ. Бұл нақты жағдайда білім беру бағдарламасындағы кредиттік пәндердің игерілу күрделілігіне байланысты болып отыр.

Білім берудің АҚШ үлгісі еуропалық көптеген мемлекеттердің білім беру бағдарламаларынан өзгеше. Американдық білім беру бағдарламалары кредиттік жүйенің қатаң талаптарына негізделеді. Ал, еуропалық білім беру бағдарламалары кредиттік жүйе негізінде академиялық ұтқырлық арқылы ауысымдарға мүмкіндік береді. Осылайша, әлемдік білім беру кеңістігінде білім беру бағдарламасының келесідей кредиттік жүйелері қалыптасты:

- ECTS – European Credit Transfer Systems – Кредиттермен ауысудың еуропалық жүйесі;
- USCS – USA Credit systems – АҚШ кредиттік жүйесі.

Батыс Еуропа мемлекеттерінде семестр 17-ден 20 аптаға дейін уақыт аралығын қамтиды. Осы аралықта кредиттік оқу бағдарламалары негізінде білім алушылардың пәндерді игеру уақыттары да артады. Орта есеппен батыс еуропада 1 кредит білім алушының 25-30 сағат аудиторлық және өзіндік жұмыс уақытына тең [2].

Қазақстандық білім беру бағдарламаларында «кредиттік сағат» термині қолданылмайды. Бұған себеп, «кредит» сөзінің кең мағынада болуы – оған білім алушының тек қана аудиторлық жұмыстар ғана емес, өзіндік жұмыстарының да енуі болып табылады. Міне, осы себепті де Қазақстанда «қазақстандық кредит» (KZCS – Kazakhstan Credit System) түсінігі қалыптасқан. Мұнда кредит әрбір оқу кезеңі үшін білім алушының аудиторлық және өзіндік жұмыс қатынасымен анықталады (бакалавриат – 1:2, кәсіби магистратура – 1:3, ғылыми-педагогикалық магистратура – 1:4, докторантура – 1:6). Осыған байланысты қазақстандық 1 кредит бакалавриатта білім алушы үшін – 45, кәсіби магистратурада білім алушы үшін – 60, ғылыми-педагогикалық магистратурада білім алушы үшін – 75, докторанттар үшін – 105 оқу бағдарламасы сағатына тең. Бакалавриат, магистратура және докторантурадағы қазақстандық кредиттің сағат көлемінің әртүрлі болуы, Қазақстан білім бағдарламасының еуропалық және американдық білім бағдарламаларының кредитінен сандық көлемдегі айырмашылығын көрсетеді (кесте 1).

АҚШ-та магистратура және докторантура білім беру бағдарламаларына 1-2 жыл бойындағы тек қана теориялық білім беру енеді. Зерттеу жұмыстары мен диссертация жазу жұмыстары білім беру

бағдарламаларынан тыс 2-3 жыл аралығында жүргізіледі. Ал, Қазақстанда жұмыстардың бұл түрлері білім беру бағдарламаларының жалпы кредит көлеміне кіреді [3].

Кесте 1 – Өртүрлі мемлекеттердің білім беру бағдарламаларының көлемі

№ с/с	Білім беру кезеңдері	Кредиттік білім беру бағдарламаларының көлемі		
		ҚР	АҚШ	Италия
1	Бакалавриат	128	120-130	240
2	Магистратура	36-47	30-40	120
3	Докторантура PhD	60	60	180

Білім беру тәжірибесінде бүгінде білім беру бағдарламаларының модульдік қағидасы қалыптасқан. «Модуль» түсінігі Ұлыбританияның университеттерінің білім беру бағдарламаларында белсенді қолданылады. Солардың көбі соңғы жылдары білім берудің модульдік қағидасына өтуде. Бұл өз кезегінде оқу курстарын және студенттердің оқу мәліметтерін өзіндік игеруде жоғары икемділікті қамтамасыз етеді. Британдық университеттердің модуль - бұл, өзі бетімен, тәуелсіз оқылатын бірліктер. Оларды игеру уақыты семестр және әр семестрде білім алушы кем дегенде 10 сынақ бірлігін тапсыру керек. Әрбір оқу жылында студент модульдер бойынша 120 сынақ бірлігін жинау керек. Мысалы, болашақ психолог оқудың бірінші жылында міндетті модульдер бойынша 70 сынақ бірлігін, ал қалған 50 сынақ бірлігін қосымша сабақтармен толықтыратын болады.

Модульдік білім беру – білім берудің субъективті негізіне өтуге және студенттің өзі ынталы саласында өзін-өзі дамытуына мүмкіндік беретін технология. Модульдік білім беру білім берудің білім берудің нақты құрылымдық мазмұнын айқындайды.

Ал, кредиттік жүйе модуль құрылымына өзіндік түзетулер енгізеді. Бұл өз кезегінде ең алдымен белгілі мәліметтер көлемін меңгерумен тығыз байланысты. Сондықтан, студенттердің кредиттік жүйеде білім алуында модульдік қағидаттағы білім беру бағдарламаларының болуы шарт. Модульдік білім берудегі маңызды элементі – кредиттік жүйенің құзыреттілігі артатын, бақылау жүйесі. Кез-келген мамандық бойынша пәндерді немесе жекелей модульдерді игергеннен кейін ғана сынақ бірліктері қойылады. Сынақ бірліктері пәндердің көлемі мен білім беру бағдарламаларының жекселген түріне байланысты болады.

Қазақстанда модульдік білім беру жүйесін қолдануы жаңа кезеңде деп айтуға болады. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2011 жылғы сәуір айындағы «Кредиттік білім беру технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру ережесінің» бекітуі бойынша қазақстандық білім беру бағдарламаларындағы модульдер:

- негізгі пәндер кезеңдері бойынша;
- негізгі және кәсіби дайындаушы кезеңдер бойынша;
- мамандық бойынша жеке кәсіби дайындаушы кезеңдер бойынша;
- мамандықтар шеңберіндегі таңдау пәндері бойынша;
- мамандық бойынша міндетті пәндер бойынша модульдер деп бекітілген.

Қазақстандық білім беру бағдарламалары алдындағы негізгі міндет – еңбек нарығы талаптарына сәйкес білім сапасын көрсету болмақ. Соның ішінде еңбек нарығы талаптарына жауап беретін қонақ үй саласындағы мамандарды дайындау жоғары оқу орындарының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы қонақ үй бизнесі мен мейрамхана ісі ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес 2000 жылдан дамудың жағымды динамикалық көрсеткіштеріне ие. Өткен жылға дейін Қазақстанда осы саладағы мамандарды дайындау орта кәсіби білім беру жүйесінде ғана (0507000 – қонақ үй шаруашылығындағы қызмет көрсетуді ұйымдастыру) жүргізілді, яғни кәсіби мамандарды дайындаудағы білім беру траекториясын қалыптастыру мен дайындау мүмкіндігі шектеулі болды.

2010 жылы 5В091200 – Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі мамандығына тек қазақстандық үш жоғары оқу орынында ғана абитуриенттерді қабылдау жүргізілді. Қонақжайлық индустрия жүйесінің динамикалық дамуына деген біздің көзқарасымыз кәсіби білікті мамандар санын арттыру. Аталмыш мамандықтың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның география және табиғатты пайдалану факультетінің, рекреациялық география және туризм кафедрасында ашылуы, мемлекеттік туризм даму бағдарламаларын жүзеге асыру қажеттілігінен туындаған. Елдің индустриалды-инновациялық дамуы мен өсіп келе жатқан туристік нарық пен мемлекеттік тапсырыс қажеттіліктерін

анағаттандыру мақсатында осы саладағы кәсіби білікті мамандарды дайындау үшін қазақстандық туристік өнімнің бәсекелестік қабілетін қамтамсыз етуге қабілетті, зерттеу университеттерінің жоғары категориялы мамандарын (магистранттар және PhD докторлар) дайындау аясында ғылыми зерттеу базалары (оқу қонақүйлері) жасақталған. Аталмыш бағыттағы бакалавр мамандарын дайындау болашағы мен қажеттілігі 2010 жылы осы мамандыққа бөлінге 150 мемлекеттік грант көрсеткішінен байқалады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жоғары кәсіби білікті мамандарды дайындайтын және аталмыш мамандық бойынша мамандарды дайындауға қажетті материалдық-техникалық базаға ие білім ордасы. Халықаралық салалық университеттермен (НТМі - Швейцария; Оңтүстік Богемия университеті - Чехия, Халықтар достастығы университеті – Ресей және т.б.) байланыс халықаралық тәжірибені пайдалануға және білім алушылар мен ұстаздардың академиялық ұтқырлық бойынша оқытылуын қамтамасыз етеді. Білім алушының білім траекториясын кредиттік білім беру технологиясы есебінен жасақтау әдісі, туризм саласындағы кадрларды дайындаудағы сатылық кәсіби білім беру жүйесінің толыққандылығын қамтамасыз етеді.

Ал шетелдік осы сала бойынша білім беру бағдарламаларының мысалы ретінде Түркия мемлекетіндегі университеттік қонақ үйлерде студенттердің құзыреттілігін арттыру білім беру бағдарламасын атауға болады. Түркия әлемдік туристік нарықтағы кошбасшылардың бірі. Демалушы адамдар санының жыл сайынғы саны артып келеді және түрік қонақ үйлерінің табысы да арттыруда. Өздерінің қонақ үйлік, мейрамхана қызметтері саласындағы көпжылғы тәжірибелерінің негізінде түрік білім беру ордалары білім беру бағдарламаларын ұсынады. Соның бірі – Түркия қонақ үйлерінде өтетін «білім беру және тәжірибе» курстары. Бұл курстардың университеттік қонақүйлерде студенттердің құзыреттілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

Осы курс барысында студенттер қонақ үйді әкімшілік және шаруашылық басқару, қонақ үй саласындағы маркетинг пен сауда облыстарында білім алады. Курстар әдеттегі оқу бағдарламаларынан ерекше, себебі олардың теориялық білім алуы мен тәжірибелік білімі бір орында өтеді.

Мысалға, жазғы машықтану бағдарламалары түрлерін айтсақ болады. Бұл бағдарлама екі модульмен өтеді:

5 модульды білім беру бағдарламасында оқылатын пәндер:

1. Әкімшілік-шаруашылық басқару.
2. Қонақжайлық индустриядағы басшылық.
3. Фронт-офис әрекеті.
4. Қонақжай индустриясының технологиясы.
5. Қонақжайлық бизнестегі халықаралық құқық.

8 модульды білім беру бағдарламасында оқылатын пәндер:

1. Қонақжайлық индустриясы.
2. Сусындар бөлімінің әрекеті.
3. Тағам және сусындар.
4. Қонақжайлық индустриядағы басшылық.
5. Фронт-офис әрекеті.
6. Әкімшілік-шаруашылық басқару.
7. Қонақжай индустриясының технологиясы.
8. Қонақжайлық индустриядағы маркетинг.

Осы екі модульды игере отырып, студенттер өздерінің қонақ үй саласындағы кәсіби біліктілігін арттырады, екі модульде де қонақжайлық индустрия саласындағы басты пәндерді оқыту қарастырылған және осы пәндердің барлығы оқу қонақ үйлерінде өтеді.

Қорыта келе, аталмыш мамандық бойынша білім және бизнес моделін жасау үшін, біз білетін Түркия, Грекияда қолданылатын білім траекториясын дамыту мен бизнес элементерін енгізуді қабілеттендіретін оқу қонақ үйлерін жасау ұсынысын білдіреміз.

Әдебиеттер

- 1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // <http://www.akorda.kz>
- 2 Образование на основе системы кредитных часов (Система кредитных часов, структура учебных программ и степеней, аккредитация вузов: опыт США). – Алматы, 2004.
- 3 Сериков Э.А. Система высшего технического образования Казахстана: взгляд изнутри. – Алматы, 2010.